

Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы»
мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны

Педагогикалық кеңес
отырысында талқыланып,
қабылданды
№ 1 хаттама
« 14 » сәуір 2017ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Оқушылар сарайы» МКҚК
директоры С.Ж. Алманбетова
С.Ж. Алманбетова

АТА - АНАЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Орал қаласы

Ата – аналар кеңесі туралы ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже «Оқушылар Сарайы» МКҚК-ң өзін-өзі басқару органы ретінде ата-аналар кеңесінің қызметін белгілейді.

Ата – аналар кеңесі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға педагогикалық ұжымға көмектесу мақсатында құрылады.

Ата – аналар кеңесі жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналар кеңесі бірлестігінің ұсынысы бойынша тағайындалады. Кеңес жалпы ата-аналар жиналысында есеп береді және бағынады. Кеңестің өкілеттік мерзімі – 1 жыл.

Кеңес өз жұмысын келесі бағытта ұйымдастырады:

- Бірінші отырыста кеңес мүшелерінің жұмысын ұйымдастыратын төрағасын сайлайды;
- Отырыста қарастырылатын сұрақтар бойынша кеңес құрамының жарты мүшесінің қатысуымен көптеген дауыс жинау арқылы шешім қабылдайды;

Жұмысты үйлестіру үшін кеңес мүшесіне сарай директорының орынбасары тең таңдалады.

Кеңес қызметі БҰҰ-ның бала құқығын қорғау Конвенциясы, ҚР білім беру саласының қолданыстағы заңнамасы, осы ереже мен Сарайдың Жарғысы негізінде тиісінше жүзеге асырылады.

2. Кеңестің жалпы міндеттері

2.1. Сарай әкімшілігіне көмектесу:

- Оқушылардың денсаулығы мен өмірін қорғау, білім беру үрдісін жүзеге асыру үшін жағдайды жақсартуға;
- Әлеуметтік, тәрбиелік, бос уақытын ұйымдастыруға арналған шараларды өткізуге;

2.2. Ата – аналар қоғамдастығын ата – аналар арасында және жалпы қоғам арасында педагогикалық насихаттауды ұйымдастыруға, Сарай өміріне белсенді қатысуға тарту.

3. Ата – аналар кеңесінің функциялары

Ата – аналар кеңесі (заңды өкілдері)

3.1. Білім үрдісін ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдай жасауға үлесін қосу.

3.2. Ата – аналар кеңесі бірлестігінің қызметін үйлестіреді.

3.3. Ата- аналар арасында оқушылардың міндеттері мен құқығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізеді (заңды өкілдері).

- 3.4. Жалпы сарайдың ұйымдастыратын шараларына дайындыққа көмек көрсетеді.
- 3.5. Жалпы сарайдың ата – аналар жиналысына дайындалуына және ұйымдастыруына көмек көрсетеді.
- 3.6. Жалпы білім үрдісінің қауіпсіз жағдайларын ұйымдастыруға, санитарлық – гигиеналық ережелері мен нормаларын орындауға қатысады.
- 3.7. Сарайдың тарихы мен дәстүрін насихаттау туралы, кеңестің басқа да күзиреті шегінде қатысты қоғамдық ұйымдармен қарым – қатынас жасайды.
- 3.8. Қылмысты алдын – алу мәселесі туралы Сарайдың педагогикалық ұжымымен қарым – қатынас жасайды.
- 3.9. Балаларды тарту үшін оңтайлы жағдай жасау және ұйымды жетілдіру бойынша шараларды жүзеге асырады.

4. Ата - аналар кеңесінің құқығы

- 4.1. Балаларды тәрбиелеу мәселесі бойынша ұйымдар мен мекемелерге түсініктемелермен жүгіну.
- 4.2. Оқушылардың тәртібі туралы, оқу үрдісінің қорытындысы туралы ақпараттарды Сарай әкімшілігінен алу және тыңдау.
- 4.3. Оқушылардың денсаулығы мен өмірін қорғау мәселелері мен олардың құқығын сақтау туралы ата-аналардан келіп түскен өтініштері бойынша шаралар қолдану және түсініктеме беру.
- 4.4. Шарттық қарым – қатынастар негізінде қайырымдылық қызметті жүзеге асыруға көмектесу.
- 4.5. Кеңес төрағасы педагогикалық кеңес отырысына, Жарғыны сақтау туралы басқа да өзін – өзі басқару мекемелері, оқушылардың құқығы мен тәртібі жөніндегі отырыстарға қатыса алады.

5. Ата – аналар кеңесінің жауапкершіліктері

Кеңес жауапты:

- 5.1. Сарай әкімшілігімен, оқушылардың ата – аналары және педагогикалық қызметкерлер арасындағы жанұялық және қоғамдық тәрбиелеу мәселелері туралы өзара түсінушілік және әрекеттерді орнатуға;
- 5.2. Шешімдерді қабылдауға, ұсыныстарды жүзеге асыруға;
- 5.3. Ата – аналар кеңесінің жалпы жиналыстарын кем дегенде оқу жарты жылдығында бір рет кеңес мүшелерімен мерзімі анықталып өткізіледі.

6. Ата – аналар кеңесінің іс жүргізу жұмысы

- 6.1. Кеңес жалпы ата – аналар жиналысының және өз отырыстарының хаттамаларын жүргізеді.
- 6.2. Ата – аналар кеңесінің хаттамалары 3 жыл сақталады.
- 6.3. Іс жүргізу жұмыстарына сайланған кеңес хатшысы жауапты.